

2012 жылға арналған Егіндікөл ауданында жастар тәжірибесін ұйымдастыру туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № А-2/44 қаулысы. Ақмола облысы Егіндікөл ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 27 ақпанда № 1-8-121 тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 21 мамырдағы № А-5/151 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Егіндікөл ауданы әкімдігінің 2012.05.21 № А-5/151 қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 7 бабына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, жастар практикасын ұйымдастыру және қаржыландыру қағидасына, Жұмыспен қамту 2020 бағдарламасын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 наурыздағы № 316 қаулысына сәйкес, Егіндікөл ауданының әкімдігі

Қ А У Л Ы Е Т Е Д І :

1. 2012 жылға арналған Егіндікөл ауданында жастар тәжірибесі ұйымдастырылсын.

2. Қосымша беріліп отырған:

1) 2012 жылға арналған жастар тәжірибесін өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын Егіндікөл ауданының жұмыс берушілерінің тізбесі, 1 қосымшаға сәйкес;

2) 2012 жылға арналған жастар тәжірибесін өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Егіндікөл ауданының жұмыс берушілерінің тізбесі, 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Егіндікөл ауданы әкімінің орынбасары Ж.С.Ысқақоваға жүктелсін.

4. Осы қаулы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Егіндікөл ауданының әкімі

Б.Сұлтанов

КЕЛІСІЛДІ

Егіндікөл ауданының
прокуроры Е.Р.Өтегенов

Егіндікөл аудандық
сотының төрағасы С.Қ.Әменов

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 1 ақпандағы
№ А - 2 / 44 қарарына
1 қосымша

**2012 жылға арналған жастар тәжірибесін өту үшін
жұмыс орындарын ұйымдастыратын жергілікті бюджеттен
қаржыландырылатын Егіндікөл ауданының жұмыс берушілерінің тізбесі**

№ п /п	Жұмыс беруші	Кәсібі (маман дығы)	Ұйымдас тырылатын жұмыс орындары ның саны	Айлық жалақы мөлшері, теңге	Жастар тәжірибесінің ай бойынша ұзақтығы
1	«Егіндікөл ауданының кәсіпкерлік бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	17439	6
2	«Егіндікөл аудандық прокуратурасы» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	17439	6
3	«Егіндікөл ауданы Егіндікөл ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Есепшінің көмекшісі	1	17439	6
4	«Егіндікөл ауданының экономика және қаржы бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Есепшінің көмекшісі	1	17439	6
5	«Егіндікөл ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Экономист - есепші	1	17439	6
6	«Егіндікөл ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Маманның көмекшісі	1	17439	6
7	«Егіндікөл аудандық соты» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	17439	6

Егіндікөл ауданы әкімдігінің
2012 жылғы 1 ақпандағы

2012 жылға арналған жастар тәжірибесін өту үшін жұмыс орындарын ұйымдастыратын республикалық бюджеттен қаржыландырылатын Егіндікөл ауданының жұмыс берушілерінің тізбесі

р/с №	Жұмыс беруші	Кәсібі (мамандығы)	Ұйымдастырылатын жұмыс орындарының саны	Айлық жалақы мөлшері, теңге	Жастар тәжірибесінің ай бойынша ұзақтығы
1	«Егіндікөл аудандық соты» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	26000	6
2	«Егіндікөл ауданының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	26000	6
3	«Егіндікөл ауданы Егіндікөл ауылы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Есепшінің көмекшісі	1	26000	6
4	«Егіндікөл ауданының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесі	Есепшінің көмекшісі	1	26000	6
5	«Егіндікөл ауданы Буревестник ауылы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесі	Есепшінің көмекшісі	1	26000	6
6	«Егіндікөл ауданы әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі	Іс жүргізуші	1	26000	6